



СЕМЕЙ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ

СӨЖ

**ТАҚЫРЫБЫ: ХИРУРГИЯЛЫҚ ҚҰРАЛДАР.
МИКРОХИРУРГИЯ ҰҒЫМЫ. ЗАМАНАУИ ТІГІС
МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ. ТІНДЕРДІ ҚОСУ
ЖӘНЕ АЖЫРАТУ ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ.**

Орындаған: Бегелдинов С.Б.

Топ: 536 ОМ

Тексерген: Ақашева С.А.

Семей 2018

ЖОСПАР:

1. Кіріспе.

2. Негізгі бөлім:

❖ *Хирургиялық құралдар.*

❖ *Микрохирургия ұғымы.*







❖ *Заманауи тігіс материалдарының сипаттамасы.*

❖ *Тіндерді қосу және ажырату ережелері мен әдістері.*

3. Қорытынды.

4. Пайдаланылған әдебиеттер.

Хирургиялық құралдар - операция жасағанда және жараны таңу кезінде, сонымен қатар диагностикалық зерттеулер жүргізу барысында жасалатын хирургиялық іс-әрекеттерде пайдаланылатын құралдар жиынтығы



Хирургиялық құралдар екі түрге бөлінеді:


- I. Жалпы хирургиялық құралдар;
- II. Арнаулы мамандандырылған құралдар:
 - акушер-гинекологиялық
 - нейрохирургиялық
 - оториноларингологиялық
 - офтальмологиялық,
 - травматологиялық
 - ортопедиялық
 - урологиялық

Құралдардың қызметтік әрекеті бойынша түрлері


- **Кесетін құралдар** (тінді кесу, бітеу жараны жару, дене мүшесінің ауруға шалдыққан бөлігін кесіп алып тастау, ісікті тілу т.с) - медициналық: қашау, қалақшалар, пышақтар, қайшылар, распаторлар, сүйек қысқыш және тістеуік және т.б.
- **Қадайтын құралдар** (дәрі ерітінділерін егу, тігетін жіптер, трубкалар, түтіктер және т.б).
- **Қысқыш құралдар** (қан тоқтату, тіндерді, дене мүшелерін немесе хирургиялық инелерді ұстау және бекіту) - қан тоқтататын, тамырларды уақытша қысатын қысқыш, тіндерді бекіткіш, ішек-қарынға арналған, ине ұстағыш, іскектер (пинцеттер) және т.б.
- **Кеңейткіш және ығыстырқыш** (операция кезінде басқа мүшелерді кездейсоқ зақымдамас үшін жараны, кесілген жерді, мүшелердің жолдарын кеңейту және ығыстыру).
- **Шолғырлау(зондирование) және трубка жіберу(бужирование)** - жіңішке, қысаң жерлердің саңылауларын ашу.



1




2



3




3a



4




5



6




6a




7



7a




8




9a

9



10



11

Құралдардың жасалған материалдары және сипаты


Хирургиялық құралдар көбінде металдан: никельді немесе хромды құрыш , тотықпайтын хромды құрыш, жез және басқа қоспалардан жасалады.

Тоттануға беріктігімен, әрі жеңілдігімен ерекшеленетін титан және оның қоспаларынан, сонымен қатар пластмассадан жасалған құралдарды да пайдалану кең тараған.

Пайдалану мақсатына қарай кейбір құралдарды термиялық өңдеуден өткізіп шыңдайды(құралдар қатаяды және баяу мұқалады) және күйдіреді (құралдар жұмсақ және иілгіш келеді).

Берік және қатты болу үшін арматура салу арқылы материалды нығайтады.

Құралдар түсі негізі жалтыраған, жылтыр болып келеді. Операция кезінде мұндай құралдар шағылысып, іске кедергі жасамас үшін, кейбір құралдарды күңгірт етіп жасайды (титан қоспаларынан).



Құралдарды өңдеу және тазалау барысы:

- ❑ алдымен 20-25°C тотықтар ингибиторына 60 минутқа батырып қояды;
уақыты өткен соң ағып тұрған сумен шаяды;
одан кейін 40-50°C 0,3-0,5 проценттік жуғыш затқа салып жібітеді;
жібіген соң сол ерітіндіде ысқышпен жуады;
жуып болғаннан кейін 3-10 минут ағынды сумен, 0,5 минут дистилденген сумен шаяды;
соңында 85°C-та кептіреді.
- ❑ Хирургиялық құралдар хирургиялық шкафтарда сақталады. Сақталу барысы әр құралдың нұсқауы бойынша қадағаланып, тиісінше күтіліп ұсталынуы тиіс.

Микрохирургия (микро және хирургия) – жалпы хирургияның бір тармағы. Кейінгі уақытта жедел дамып келе жатқан хирургияның бұл түрінде хирургиялық операциялар ұсақ, көлемі кішкентай органдар мен тіндерге жасалады. Ондай операциялар бұрын тек көз ауруларын емдеуде (офтальмохирургия) ғана жасалатын болды.

Қазір адам организмінің барлық
органдарына қолданылып келеді.
Микрохирургия көбінесе жіңішке қан
тамырларының, жүйке талшықтарының
бүтіндігі бұзылғанда оны жою үшін,
немесе әр түрлі жүйелердің ауруларын
емдеуде қолданылады.

Микрохирургиялық операциялардың өзіндік ерекшеліктері көп, сондықтан олар іске асырылатын бөлмеде арнайы аспаптар (микроскоп, арнайы көзілдірік, т.б.), операцияға қажетті саймандар, ине, жіптер болуы қажет. Қазіргі уақытта Микрохирургиялық операциялар қан тамырлары мен жүрек және жүйке жүйесінің ауруларына, бір органды алмастыру кезінде, қол, аяқ, мұрын, құлақ жарақаттарын (олар денеден бөлініп, ажырап кеткенде) орнына қайта тігу, т.б. кезінде жасалады.

Хирургия мен травматологияның қазіргі жетістіктері реконструктивті операция пайдаланала отырып, әр түрлі синтетикалық материалдарды қолданып анатомиялық нысандарды, функциялармен жекелеген органдарды қалпына келтіру.

Полимер химиясы ХХ ғасырдың ортасында бастау алды.

Синтетикалық материалдар

Бұл жоғары молекулалы органикалық қосылыстар-полимері.

Олар бөлінеді:

- мөлшері
- Құрылысы бойынша (моно және мультифиламентные)
- Сорылыу дәрежесі (сорылатын, сорылмайтын, аралас)
- Қасиеті (жұмсақ, берік, кеуекті, жергілікті қабыну реакциясын шақыратын)

Хирургиялық жсіптер

1965 жылы А.Шупинский қазіргі хирургия мен травматологияда қолданатын тіндердің бітісіп кетуіне арналған синтетикалық тігіс материалдарына бірнеше талаптарды қарастырып кеткен. Олар мыналар:

1. Оңай стерилизациялау
2. Инерттілігі
3. Беріктігі
4. Түйіннің беріктігіне сенім
5. Инфекцияға резистенттілігі
6. Сіңу, бітісу қасиеті
7. Қолға жайлылығы, жұмақтығы, пластикалығы
8. Барлық операцияға жарамдылығы
9. Электрлік белсенділігінің болмауы
10. Аллергенді қасиетінің болмауы
11. Қол жетімді бағада

ЗАМАНАУИ ТІГІС МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ КЛАССИФИКАЦИЯСЫ:

- ✓ Полиэфирлер негізінде жасалған материалдар (лавсан, мерсилен, этибонд)
- ✓ Полиолефин негізінде жасалған материалдар (пролен, суржилен)
- ✓ Поливинилиден негізінде жасалған материалдар (корален)
- ✓ Металл негізінде жасалған материалдар

БІТІСЕТІН, СОРЫЛАТЫН МАТЕРИАЛДАР

- Кетгут, коллаген
- Жібек
- Полиамид негізінде жасалған материалдар (капрон)
- Целлюлоза негізінде жасалған материалдар (акцелон, кацелон)
- Полигликолидтер негізінде жасалған материалдар (полисорб, биосин, викрил, дексон)

Тігіс жіптерінің түрлері:

жібек жіп, кетгут, лавсан, капрон жіптері, кендір немесе қағаз жібі;

- Қасиеттері бойынша екі түрге бөлінеді:

1. Кетгут - қасиеті бойынша бірнеше күннен кейін сорылып, жоқ болып кетеді.

2. Жібек жіп, лавсан, капрон бұлар өмір бойы сорылмай, ағзада қалып қояды.

Кетгут – ешкінің, қойдың ішегінен жасалған жіп. Біздің эрамызға дейін 175 жылы Гален кетгут (кетгат-Са +ди +) жібін сипаттаған. Сонда ағылшын тілінен тура аударғанда – мысық ішегі.

- **Лавсан** - күші жоғарылығымен ерекшеленеді. Жіптері полиэтилентерефталаттан жасалған айналма түрде, түсі жасыл немесе көк.
- **Капрон жібі** – қасиеті жоғарылығымен және жұмсақтығымен ерекшеленеді.
- **Жібек жібі** - табиғи жібек құртынан әзірленеді.

а) өрілген, тоқылған жіп

б) ширатылған жіп.

Өрілген жіптердің бағасы қымбат болады, бірақ төзімді, мықты, қатты тартып байлағанда үзілмейді. Жібек жіптердің жуандығы әртүрлі болғандықтан жіп дайындайтын кәсіпорын олардың диаметрін 00-ден 16-ға дейін деп есептейді

Қысқа мерзімді сорылатын синтетикалық жіптер

Бұл полигликолий қышқылы және полигликолидті өнімді жіптер. Бізде бұл жіптер ДАРВИН ФАСТ деп аталады. Аналогті жіптер басқа да фирмаларда бар. Викрил Рапид, Сафил Квик, т.б Бұл жіптердің биологиялық беректілігі карапайым кетгут сияқты 7-10 күн. Бұл жіптер жалпы хирургияда, балалар хируриясында, пластикалық хирургияда, урологияда және т.б қолданылады.

Орташа мерзімді сорылатын синтетикалық жіптер

Олар өрімді немесе бірнеше болуы мүмкін. Полигликолиттен немесе полигликолий қышқылынан өрілген жіп бізде ДАРВИН деп аталады. Өзге өндірушілердің аналогі – бұл: Викрил Рапид, Сафил Квик, Марлин. Бұл жіптердің түрі басқаларына қарағанда хирургияда жиі қолданылады.

Ұзартылған мерзімдегі сорылатын синтетикалық жіптер

Бізде бұндай жіптер ДАРВИН МОНОДА деп аталады. Басқа фирмалардың аналогты жіптері Максин, МоноПлас ПДС -2 д.а. Тіндерді байланыстыру мерзімі оларға шамамен 40-50 күндерді құрайды. Толық сорылуы 180-210 күн. Бұл жіптер жалпы қолданылады және торокальді хирургияда, травматологияда, жақты-бетті және онкохирургияда т. б.кеңінен қолданылады. Шандыр тіні, апоневроздарда сіңірлерді ұзақ уақыт байланыстырып тіккенде қолданылады.

Қорытынды

Қазіргі заманғы синтетикалық материалдардың табылып жатқаны жақсы, себебі медицина бойынша және адамдарға көп пайдасын тигізеді. Болашақта адамдар ауырмайтын сияқты себебі технологиялар жақсы дамыған, сол себепті жаңа препараттар, жаңа синтетикалық материалдар т.б ойлап табылуда. Бірақ бұдан бөлек жаңа ауруларда шығуы мүмкін, сол себепті медицинаның әлі ашпаған жаңалықтары өте көп.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

- К.К.Кайырбекова Топографиялық анатомия және оперативтік хирургия Алматы 2005ж
- Н.К Мамыров Жалпы Хирургия 2003ж
- <http://www.medical-enc.ru/m/21/hirurgicheskiy-instrumentariy.shtml>
- <https://works.doklad.ru/view/Bgt78agMDyI.html>
- https://studopedia.ru/11_139013_hirurgicheskie-instrumenti.html

